

**Педагог-психологтың 2022-2023 оқу жылындағы жүргізілген жұмыстары бойынша
жылдық талдамалық
ЕСЕБІ**

Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс жасау қағидалары «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығымен бекітілген.

2021-22 оқу жылында кеткен кемшіліктерді ескеріп, келесі оқу жылына төмендегідей басымдықты белгіледік.

2022-2023 оқу жылына төмендегідей басымдық алынды:

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

Смарт мақсат: 2022-2023 оқу жылында оқушыларға білім беруде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген білім ортасын құру.

Міндеті:

- ✓ Құндылықтарға негізделген білім білім беруге бағыттау;
- ✓ Оқушыларға құндылықтарды шынайы өмірде қолдануына жағдай жасау;
- ✓ Құндылықтарға негізделген мектептің эмоционалдық климатын жақсарту, оқушылардың жеке басының әл-ауқаты мен дамуын қамтамасыз ететін білім беру ортасын дамыту;
- ✓ ата-аналардың оқу процесіндегі рөлін, қатысуын арттыру;

№55 орта мектебінің педагогикалық ұжымы өз қызметін **2022-2023 оқу жылына** арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен білім берудің нормативтік құжаттары негізінде құрды:


1. 27.07.2007 жылғы № 319-III, ҚР «Білім туралы» Заңы
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы"
3. "Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту және қолдану 2011-2020ж.ж" мемлекеттік бағдарламасы
4. ҚР Үкіметі бекіткен ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары
5. "2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы"нұсқаулық - әдістемелік хат.

Білім беру ұйымының психологиялық қызметінің жұмысы 5 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1. ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ БАҒЫТ

Зерттеу қорытындысы бойынша

1-сынып оқушылардың мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау мақсатында «Ағаштағы адамдар» тесті алынды және мектеп суреті проективті әдістемесі Н.Нижегородцев.,В.Щадриков әдістемелері жүргізілді. Мақсаты: оқушының болмысын, оның эмоционалдық жай-күйін, сыныптағы орнын анықтау.



1 «Ә» сыныбында жоғары жоғары – 65%, төмен деңгейі – 0 %, орташа деңгейі – 35 %, 1 «Г» сыныбында жоғары жоғары – 41 %, төмен деңгейі – 2 %, орташа деңгейі – 57 % дайындық деңгейлері пайыздық көрсеткішпен анықталды. (қолдауды қажет етуші: Байбатыров Дидар, Кузнецов Артем, Кусаинов Мадияр, Құмашбай Ақниет, Маянху Медина) (қолдауды қажет етуші: Аболқызы Айша)

Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жан- жақты дамуына, әлеуметтік ортаға, мектепке, мұғаліміне бейімделуіне, жағдай жасалды.

Жалпы оқушылардың психоэмоционалды жағдайын анықтау мақсатында жұмыстар жүргізілді. 1 «А» сыныбы бойынша дайындық деңгейі көрсеткіші жоғары – 87 %, төмен деңгейі – 0 %, орташа деңгейі – 12 %, 1 «Б» сыныбы бойынша жоғары – 65 %, төмен деңгейі – 0 %, орташа деңгейі – 35 %, 1 «В» сыныбы бойынша жоғары – 93 %, төмен деңгейі – 0 %, орташа деңгейі – 7 %, 1 «Ә» сыныбында жоғары жоғары – 65%, төмен деңгейі – 0 %, орташа деңгейі – 35 %, 1 «Г» сыныбында жоғары жоғары – 41 %, төмен деңгейі – 2 %, орташа деңгейі – 57 % дайындық деңгейлері пайыздық көрсеткішпен анықталды. (қолдауды қажет етуші: Байбатыров Дидар, Кузнецов Артем, Кусаинов Мадияр, Құмашбай Ақниет, Маянху Медина) (қолдауды қажет етуші: Аболқызы Айша)

«Амалтея» диагностикалық кешенін жүргізу бойынша:

- 1- сыныптар 89 оқушыларының арасында «Ағаш әдістемесі» және Н.Нижегородцев.,В.Щадриков әдістемелері оқушы өтті.
- 2- Сыныптарға «Отбасылық сурет» әдістемесі жүргізілді. 3-4 сыныптар арасында «Амалтея» диагностикалық кешені «Жасөспірімдерге арналған «Отбасылық әлеуметтену» диагностикасы өткізілді.

5-7 сынып оқушыларының арасында «Филлипс тесті» сауалнамасы жүргізілді. Филипстің мектептегі мазасыздықты анықтауға арналған тесті жүргізілді. Мақсаты: кіші және орта жастағы балаларда болатын мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеу. 5-сыныптардан 98, 6-сыныптар арасында 50 және 7-сыныптар қатарында 54 оқушы тестілеуден өтті.

«Жасөспірімдерге арналған отбасылық әлеуметтену» сауалнамасы 3-4 сыныптар қатысты. Сауалнама отбасында балаларды тәрбиелеуді ұйымдастыру және жасөспірімдердің отбасылық әлеуметтену қиын мәселелерін анықтауға қатысты дұрыс тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Диагностикадан 158 оқушы өтті. Нәтижесінде қолдауды қажет ететін 11 оқушы анықталды.

Мектепшілік бақылауға сәйкес 9сынып оқушыларының амальтея кешенді бағдарламасындағы алаңдаушылықты анықтау мақсатында **«Жағымсыз жағдайларды жеңу жолдары»** тесті жүргізілді. Сауалнамаға 9 сынып оқушыларынан 53 оқушы қатысты. 9^А сыныбынан – 15оқушы, 9^Ә сыныбынан – 11 оқушы, 9^Б сыныбынан – 12 оқушы, 9^В сыныбынан – 15 оқушы қатысты.

№	Оқушылардың жалпы алаңдаушылық деңгейі	Көрсеткіші			
		9 ^А сыныбы	9 ^Ә сыныбы	9 ^Б сыныбы	9 ^В сыныбы
1	Алаңдаушылықтың өте жоғары	-	2 оқушы	2 оқушы	-
2	Алаңдаушылық жоғары	5 оқушы	3 оқушы	1 оқушы	2
3	Алаңдаушылық төмен	10 оқушы	7 оқушы	8 оқушы	13

Қорытынды көрсеткіште 9 сынып оқушыларының алаңдаушылық деңгей біраз оқушыда бар екендігін көрсетті. Пайыз бойынша алатын болсақ өте жоғарғы пайыз 7 %, жоғары 18 % , төмен 71% .

Ұсыныс:

- 1.Алаңдаушылық деңгейі жоғары оқушылармен жеке сөлесу
2. Пән мұғалімдері балалардың көңіл-күйлеріне мән беру;
4. Әр оқушымен сөйлесіп жеке кеңес беру журналына тіркеу
5. Қажет жағдайда жеке жоспар құру
6. Оқуға деген оң көзқарас қалыптастыру, сыныпта достық, қолайлы жағдай жасау.

2022-2023 оқу жылында анықталған «Психологиялық қолдау тобына» жататын балалармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді. Тәуекел топ оқушыларын іріктеу әдістемесі негізінде жалпы сыныптар бойынша кәмелетке толмағандарды аутодеструктивті мінез-құлық бойынша «Тәуекел топқа» әр түрлі өлшемдер бойынша 10 оқушы шықты. Олар: Майлыбек С – 11 «А», Алдаева Д – 10 «Б», Баққожа Ш – 9 «Б», Ворошнин А – 9 «Г», Дүзелбай Ұ – 8 «Б», Терлікбай М – 8 «В», Аверьянов М – 7 «Ж», Гареев Р – 7 «Д», Есембекова Р – 5 «Г», Валеева В – 4 «В» сыныбы.

Күшті жағы: Диагностикалық базаның әзірлігі. Интерпретация тез өңделуі.

Туындаған қиындықтар: «Амалтея» диагностикалық кешені жүргізу. Локалды байланыс арқылы оқушыларды топпен диагностикалау

Мүмкіндігі: Дер кезінде эмоционалды күйзелісті немесе мазасыздану, депрессияны анықтау. Сұраныспен жұмыс.

Кемшілігі: «Bilim Foundation» ҚҚ превенция бағдарламасы уақытша тоқтатылуы

Оқушыларының бейімделу ортасын зерттеу мақсатында 1,5,10-сыныптар қатарында сабақты бақылау жұмыстары жүргізілді.

«Социометрия» әдістемесі 5-8 сыныптар арасында топтық психологиялық климатты және тұлғааралық қатынастар құрылымындағы оқушының мәртебесін зерттеу мақсатында сауалнама жасалды. Нәтижесіне орай түзету-дамыту жұмыстары жасалды.

Қорытынды: Жүргізілген диагностикалар нәтижесінде 1 сыныптар арасында (қолдауды қажет етуші: Байбатыров Дидар, Кузнецов Артем, Кусайнов Мадияр, Құмашбай Ақниет, Маянху Медина) (қолдауды қажет етуші: Аболқызы Айша). Ата-аналарымен сұхбаттасу жүргізілді.

Зерттеу нәтижесі бойынша ұсыныстар ұсыну:

- 1) Алынған нәтижелерді сынып жетекшісі мен ата-аналар назарына ұсыну;
- 2) Ата-аналар баланың оқуына жеткілікті көңіл бөліп, қолдау көрсетіп, қосымша тапсырмалар бойынша үздіксіз түзету жұмыстарын жүргізу;
- 3) Сынып жетекшілері тікелей ата-аналармен жұмыс жасау;
- 4) сынып жетекшілер Ерланов Е.Е, Жеңісбай А, Кеңес Ж, Абиев А, Жұмаділов А, Жұмабай А, Төлеу Р тиімді қарым-қатынас орнату, өзара түсінітік табудың психологиялық жолдары ұсынылды;

Сыныптарға келесідегідей диагностикалық зерттеулер жүргізілді.

№	Зерттеу объектісі (сынып)	Әдістеме	Зерттеуге алынған тесттің атауы
1	1 сыныптар	«Ағаш » әдістемесі	«Балалардың психоэмоционалды жағдайын анықтау
2	2-3 сыныптар	Ағаштағы адамдар және отбасылық әлеуметтену	Мектеп мотивациясын анықтау
3	5-7 сыныптар	Филлипс сауалнамасы	Мектеп мазасыздануын анықтау

4	Ерекше бақылауды қажет ететін балаларды зерттеу Педагогикалық консилиум	Даму динамикасын бақылау	Ерекше бақылауды қажет ететін балалармен психологиялық көмек жұмыстары. Зерттеу бланкілері
5	9-11- сыныптар	«Емтиханға дайындық» әдістемесі	ҰБТ ға дайындық
6	9-сыныптар	«Жағымсыз жағдайларды жеңу жолдары» тесті	Жағымсыз жағдайларды жеңу жолдарын анықтау
7	3-4 сыныптар	«Жасөспірімдерге арналған отбасылық әлеуметтену»	«Жасөспірімдерге арналған отбасылық әлеуметтену» сауалнамасы
8	5-8 сыныптар	Социометрия	Сауалнама

11 сынып оқушыларымен мамандыққа байланысты жүргізілген Климов әдістемесінің қорытындысы

Табиғат адам	техника	Адам адам	Адам белгі жүйелері	Көркембейне
Хибадат Жазира	Бузыкаева Камила	Саулаубеков Әділет	Бейбіт Дамир	Сағындық Нұрдәулет
	Ермұхан Ержан	Жылқыбай Аяжан		Қазтаев Ерасыл
		Хуантхан Жантүлік		Боранкулова Арайлым
		Айдана Құрмет		Дулатқызы Қадыржан
		Оразбекова Гульфайруз		
		Раимова Айдана		
		Буранбаева Айсәуле		
		Адайбайқызы Гүлжайна		

9 сынып оқушыларымен мамандыққа байланысты жүргізілген Климов әдістемесінің қорытындысы

9 сынып оқушыларынан, климов әдістемесі алынды. Әдістеменің мақсаты оқушылардың қандай мамандыққа деген икемділіктерін, қызығушылықтарын анықтау. Алынған тестің қорытындысы төмендегідей қорытынды берді.

9 «А» Сыныбы

Адам табиғат	Адам техника	Адам адам	Адам белгілер жүйесі	Адам Көркем бейне
Ашмұхан Айдана	Сүлеймен Алмас	Сағат Аяжан	Нургазиева Арай	Ұғылан Жанар

Жұмабаева Сабина	Отелова Ақбота	Тұнғатар Диана	Ибрайым Ажар	Алтаева Мадина
Ғабитұлы Мұхаммедияр	Иес Бағлан	Түсіпбек Нагида	Умерзаков Бақтияр	
Қаматов Алижан		Жұмабаева Сабина		
Жарасов Нұрдәулет		Мұхаммедияр Илияс		
Кеулижаев Бекнұр		Алимбекова Айзат		
		Ұлан Абдухамит		
		Кенжалы Темержан		
		Артыкова Карина		

9 «Ә» Сыныбы

Адам табиғат	Адам техника	Адам адам	Адам белгілер жүйесі	Адам Көркем бейне
Ақшалова Назира	Кенжебаева Камила	Түлегенова Мөлдір	Жадикеева Іңкәр	Жуманова Баян
Ардахан Қарақат	Смағұл Жомарт	Базарова Жансая	Берік Дильназ	Рахима
Ерланқызы Толғанай	Батқұлдинов Илияс	Ж Гюзаль	Асан Бибарыс	
Жансая Д	Амангельдинов Рамазан	Ташабаев Мұхаммадали	Тілеужан Мүсілім	
		Құралбек Рауан		
		Ибраш Нұртілеу		

9 «Б» сыныбы

Адам табиғат	Адам техника	Адам адам	Адам белгілер жүйесі	Адам Көркем бейне
Жұмабек Нұржігіт	Ахметпеков Темерлан	Мұратұлы Мақсат		Ш.Айбек
Рамазанова Алина	Сағындық Мадияр	Мырзабек Ғалымжан		
Қабаев Дастан		Нұрболқызы Айтолқын		
		Балқожа Шыңғасхан		
		Абдурахман Ж		
		Жолдасбекова Назерке		
		Егінбай Ернұр		

		Смайлова Жансая		
		Шокалиева Сабина		
		Сейдуалы Бахыт		
		Жылқыбаев Оразхан		
		Камилаева Тоқжан		

9 «В» сыныбы

Адам табиғат	Адам техника	Адам адам	Адам белгілер жүйесі	Адам Көркем бейне
Жеңісқызы Аделя	Берулі Қуаныш	Нұрхамит Арман	Рахимдулла Айым	Базарбекова Жанару
Жұман Таймұрат		Бабалы Ернат	Акметова Аиша	Асылбек Гүлнұр
Қуандық Батырхан		Тәжмағамбет Айнұр		Шелдебай Қарақат
Кудабаева Гаухар				Жумадильдина Айзалия
Смагулов Алмат				Нуртубев Мирас
Әліби Дінмұхамбет				
Аязов				
А Рақыш				
Марал Нұргүл				
Бешимбетова Аружан				

Қорыты келе 9 сынып оқушылары шығарылған қорытындылармен таныстырылды. Оқушылар өздерінің бейімділіктеріне аса жоғары қызығушылық танытты. Барлығы бір ауыздан шыққан қорытындымен келісті таңдаған мамандыққа сай қандай мінез иесі болу керектігі талқыланды.

Ұсыныс:

Алынған нәтижелермен оқушыларды таныстыру

Сәйкес келетін мамандыққа байланысты бағыт бағдар беру

Мамандықты дұрыс таңдау, табысты өмірдің кілті екенін түсіндіру

«Мен болашақ бесінші сынып оқушысымын» тақырыбына проективтік шығарма әдістемесі 4-сынып оқушылары арасында өткізілді. Оқушылармен әңгімелесу практикалық тұрғыда өткізілген кездесу барысында балалардың 5-сынып жаңа буын кезеңіне кеңестер беріліп дайындық жүргізілді.

Мектепшілік бақылауға сәйкес 11-сынып оқушыларының амальтея кешенді бағдарламасындағы алаңдаушылықты анықтау мақсатында «**Жағымсыз жағдайларды жеңу жолдары**» тесті жүргізілді. Сауалнамаға 11 сынып оқушыларынан 23 оқушы қатысты.

Жасөспірімдерде психологиялық факторлардың әсерінен тәуелді мінез-құлықтың қалыптасуын бағалау

Жағымсыз жағдайларды жеңу жолдары

Топтық нәтижелер

шкала	орташа топтық көрсеткіш	ең жоғары көрсеткіш	пайыз
[1] Қолдау іздеу	10,52	20	52,6
[2] Өзін-өзі бағалауды көтеру	19,83	32	62
[3] Өзін-өзі кінәлау	8,13	20	40,7
[4] Мәселені талдау	13,22	20	66,1
[5] Кінәлілерді іздеу	5,91	16	37

Ұсыныс:

1. Алаңдаушылық деңгейі жоғары оқушылармен жеке сөлесу
2. Пән мұғалімдері балалардың көңіл-күйлеріне мән беру;
4. Әр оқушымен сөйлесіп жеке кеңес беру журналына тіркеу
5. Қажет жағдайда жеке жоспар құру
6. Оқуға деген оң көзқарас қалыптастыру, сыныпта достық, қолайлы жағдай жасау.

2. ТҮЗЕТУ-ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ

Топтық жұмыстар. 1-сынып оқушыларына алдын алу түзету жұмыстары жүргізілді. Бірінші сыныпқа бейімделуге көмек бере отырып, бейімделу себептерін алдын алу. Тиімді жұмыс атқару үшін әр түрлі әдіс- тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылармен тығыз қарым – қатынаста болуымыз қажет. Осы мәселелерді әрдайым сабақта, сабақтан тыс уақытта, белгілі бір мақсатта емес, әр түрлі жағдайларда қолданып отыру, атқарылған жұмыстардың нәтижесін көрсетеді. Сондықтан біз әр оқушыны психологиялық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне – өзі сенімді, жауапкершілік қасиетті сіңірген тұлға ретінде қалыптастыруымыз керек.

5-сынып оқушыларына жаңа оқу кезеңіне сәтті бейімделуіне әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау. Балалардың Мен-концепциясы, нақты өзін-өзі бағалау мен төмен мектеп дербестігі арқылы тұрақты оқу мотивациясын


қалыптастыру. Өз – өздерін тануға , психологиялық – педагогикалық көмек көрсету, оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін , көңіл – күйін , сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізу.

5-сыныптармен «Кел танысайық бұл мен», «Жақсы дос қалай табуға болады?» бастауыш буын 1-сынып балаларына тренингтер өтті. Аталған кездесу барысында орта және жоғары буын оқушыларымен «Сізді түсіну үшін қалай сөйлесу керек?» тақырыбында кеңестер берілді.

«Дау-жанжал емес» Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА «Орта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу». бағдарламасын жүзеге асыру аясында 7-сыныптар қатарында тренинг сабақтары өткізілді. «Қауіпті жағдайлар», «Сыпайы түрде бас тарту» тақырыбында 1-4 сынып оқушылары арасында оқу жылы бастапқы кезеңінде және оқу жылы соңы мамыр айында 5-сыныптар және 2-3 сыныптар арасында балаларды ықтимал қауіпті жағдайлар туралы хабардар ету, әлеуметтік дағдыларды дамыту мақсатында психологиялық және сынып сағаттары өткізілді. «Сезім және эмоциялар» жоғары буын , «Ерік күші және мінез» тақырыптарында орта буын оқушылары арасында кездесулер өткізілді.



«Стресстен қалай арылуға болады» 8-11 сыныптар арасында түсіндірме жұмыстары өтті. «Мен өзімді мақтан тұта аламын» 5-7 сынып, «Мен өзімді мақтан тұта аламын» 5-7 сыныптар, «Ой, сезім, мінез-құлық» бастауыш буын балалары арасында «Мен өз ренішіме кеттім» 6-8 сыныптар, «Өтініш және менің оған деген көзқарасым» 8-10 сыныптар арасында түзету тренингтері өтті.



Сонымен қатар, мұғалімдерге де ақпарат берілді. Кибербуллинг: Оқушылардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз? Сандық технологиялардың дамуы себепті балаларға қатысты зорлық түрлеріне кибербуллинг немесе онлайн қорлау қосылған. Соның кесірінен жасөспірімдер ғаламтордағы белгісіз топтардың құрбанына айналуына жол бермеу. «Баланы сабақ оқуға қызықтырудың құпиясы» бейне презентация оқушылар арасында ашықтаулар жасалды.

«Ата-аналармен жұмыс барысында жанжалды жағдайларды қалай шешуге болады» тақырыбында және Ы. Алтынсарина атындағы ҰБА «Орта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасын іске асыру аясында қорқыныш сезімінен арылуға және өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған жаттығулар мұғалімдерге арналған семинар-практикум өткізілді. Сонымен қатар, «Орта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында педагогикалық кеңесте сөз сөйледі. Аталған жұмыстар жүргізілу барысында сынып жетекшілерге ұсыныстар және жағдайлардың алдын алу стратегиялары айтылды. Мұғалімдер: Бухарбаева Г, Ижанова Г, Садыкова Ж, Оралбаева К, Дүйсалиева А, Дүйсенбинова А, Жұмабаева А т.б мұғалімдер сыныптарындағы жағдайларға байланысты мәселелерді ортаға салып дұрыс әрекет ету іс-қимылдары талқыланды.



Қорытынды: Жүргізілген түзету тренингтері барысында балалармен дискуссия жүрді, пікір алмасу кеңес беру кезінде Майлыбек Сабина 11 «А», Шалқарқызы Шұғыла, Бейбіт Анеля сынып оқушылары өз ойын еркін жеткізіп психологиялық білімінің тереңдігін көрсетті. Демек, біз оқушылардың психологиялық қызығушылықтарын байқап, басқа оқушылар алдында алғашқы қолдауды ұйымдастыра алады деген тұжырым жасалды.

Ұсыныс:

- 1) Эмоция, сезім, агрессивті мінез-құлықты басқару негізінде жаттығулар кешені таныстырылды және жадынама әзірленіп ұсынылды;
- 2) Медиаторлар арқылы сынып өмірі жайында өзара кеңестер, ақылдасу, мәселені шешу жолдары ашық алаңда талқыға түсіп отырды; сонымен қатар, сыныптағы психологиялық ауанды жағымды жағдайда ұстау кеңестері берілді;
- 3) Сынып жетекшілерге сынып көсбасшыларының дұрыс өз мақсат міндеттерін қоя білуге және ұйымдастыруда басшылыққа алатын негізгі стратегиялар ұсынылды т.б

Топтық жұмыстар. «Мен тәуелсіз болғым келеді!» тақырыбында 1-сыныптармен, 2-3-сынып оқушыларына түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. 19-20.01.2023ж мерзімімен қатысушылардың қиын жағдайлардың әсерін саралау мүмкіндіктері алу мақсатында «Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» тақырыбында тренингтер өткізілді.

Жоғары буын оқушыларымен «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбында 8-10 сынып аралығында өзін-өзі тану, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу, көңіл-күйді және эмоцияны реттеу; байланыс және өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында тренингтер өтті.

«ҰБТ деген не және ол маған не береді?» және «Емтихан кезіндегі стрессті қалай жеңеміз?», «Стресспен күресу әдістері», «Барлығы сенің қолыңда!» тренинг емтиханға психологиялық тұрғыда дайындалу. Қобалжудан арылу мақсатында өткізілді. Мобильділік және шоғырланушылық әрекеттерді өз бойымызда дамытуымыз керектігі барысында жұмыстар жүрді.

Қорытынды:Психолог. Өзінің күшіне сенетін, өзінің жағымды әрі күшті жақтарын білетін адам ғана өзінің эмоционалды жағдайын басқара білетін адам ғана жетістікке толы болуы мүмкін екенін айтты

Ұсыныс оқушыларға:Емтиханға бір күн қалғанда демалыңыз, салқын душ қабылдап серуендеңіз. Ұйқыңызды қандырыңыз. Сізді апаратын автобуска ертерек келіңіз.

Емтихан-бұл стресстік ситуация, ең маңыздысы өзінді жоғалтпау, экстремалды жағдайда өзінді басқару.

Емтиханда өз эмоциямен басқару өте маңызды!

Эмоция-бұл желкенді үпіретін жел, ол қайықты қозғалысқа әкелуі мүмкін немесе оны батырып жіберуі мүмкін.

5-сынып оқушыларына жаңа оқу кезеңіне сәтті бейімделуіне әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау. Балалардың Мен-концепциясы, нақты өзін-өзі бағалау мен төмен мектеп дербестігі арқылы тұрақты оқу мотивациясын қалыптастыру. Өз – өздерін тануға , психологиялық – педагогикалық көмек көрсету, оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін , көңіл – күйін , сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізу.

5-сыныптармен «Мен өзімді мақтай аламын» өзіне деген жағымды (позитивті) қарым-қатынасты дамыту; Тәлім алушылардың сенімділік сезімін көтеру мақсатында, «Достыққа қалай үйренуге болады?» 2- сыныптар арасында, «Қарым-қатынас мәдениеті» тақырыптарында бастауыш буын оқушылары арасында тренингтер өтті.

«Дау-жанжал емес» Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА «Орта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу». бағдарламасын жүзеге асыру аясында 8-9-сыныптар қатарында тренинг тсабақтары өткізілді.




Қорытынды: Жүргізілген түзету тренингтері барысында балалармен дискуссия жүрді, пікір алмасу кеңес беру кезінде Алдаева Адина, Тулемисов М, Курманбекова М сынып оқушылары өз ойын еркін жеткізіп психологиялық білімінің тереңдігін көрсетті. Демек, біз оқушылардың психологиялық қызығушылықтарын байқап, басқа оқушылар алдында алғашқы қолдауды ұйымдастыра алады деген тұжырым жасалды.

Ұсыныс:

- 1) Эмоция, сезім, агрессивті мінез-құлықты басқару негізінде жаттығулар кешені таныстырылды және жадынама әзірленіп ұсынылды;
- 2) Медиаторлар арқылы сынып өмірі жайында өзара кеңестер, ақылдасу, мәселені шешу жолдары ашық алаңда талқыға түсіп отырды; сонымен қатар, сыныптағы психологиялық ауанды жағымды жағдайда ұстау кеңестері берілді;
- 3) Сынып жетекшілерге сынып көсбасшыларының дұрыс өз мақсат міндеттерін қоя білуге және ұйымдастыруда басшылыққа алатын негізгі стратегиялар ұсынылды т.б

3. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ ІСІ және АЛДЫН АЛУ

«Бірінші сынып оқушыларының сәтті бейімделуіне жағдай жасау» оқыту сабақтары педагогтер арасында өтті. «Бірінші сынып оқушыларына бейімделу» тақырыбында ата-аналар арасында вебинар өткізілді.



«Тағдыр сақшылары» превенция бағдарламасы аясында мектеп педагогтері мен қызметкерлерін оқыту ұйымдастырылды. Жадынамалар таратылды.

«Қауіпсіз интернет», «Кибербуллинг. Ол туралы не білеміз?» оқушыларға арналған. Кез-келген адамның кибербуллингке ұшырауы мүмкін екен, дегенмен онлайн қауіпсіздігін сақтау қажет. Көмек сұраудан қорықпа, бұл-әлсіздік емес мақсатында оқушыларға арналған ақпарат берілді. Кибербуллинг: Оқушылардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз? (ата-аналар үшін ақпарат) жолданды.

Адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсетудің алдын алу.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды оқыту коучингі өткізілді. Инклюзивті білім беру түсінігіне шолу жасалды, ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беруде мұғалімнің ролін анықтау мақсаты түсіндірілді. Коучинг «Перед классом» бейнефильмі үзіндісімен басталды. Бейнефильм көрсетілімі негізінде әріптестердің пікірлері тыңдалды. Садыкова Ж, Демеуова Л, Абдрахманова Ш ерекше қажеттілігі бар балалардың ортадағы алатын орны, психологиялық жәй-күйін сипаттап сөз сөйледі. Өз эмоцияларымен бөлісті. Педагогтар инклюзивті білім беру туралы мәлімет жинайды, ерекше қажеттілігі бар балалар туралы түсінікке ие болады.


Сонымен қатар, «Жасөспірімді қалай түсінуге және қабылдауға болады?» жас мұғалімдерге арналған семинар ұйымдастырылды.



Сонымен қатар құндылықтарға негізделген оқытуды ұйымдастыру барысында оқушылар арасындағы «Буллинг, қиын балалар, суицидтің алдын алу» тақырыптарында баяндама жасалды.

Қараша айында «Сіз балаңызбен сырласа білесіз бе?» тақырыбында мектепшілік жиналыста тренинг өткізілді. Ата-аналарға жасөспірімдердің көзқарасымен атты бейнематериал көрсетілді. Ойын жаттығулар орындалып ата-аналарға баламен тиімді қарым-қатынас жасау кеңестері ұсынылды. «Ата-аналарға арналған мектеп» курсы, вебинар: «Буллинг. Оны қалай тоқтатуға болады?» және «Балалар махаббаты. Ата-аналарға қалай жауап беру керек?» тақырыбында мектеп ата-аналары арасында желтоқсан айының 15.12.2022 жылы жиналыс өтті.

21.12.2022 жыл «Оқушының ҰБТ-ға психологиялық дайындығы» тақырыбында 11-сынып ата-аналарымен жиналыс өткізілді.



Қорытынды: Мектеп ұжымына кездесіп қалатын психологиялық мәселелерге өтініштің түсуіне байланысты психологиялық (топтық және жеке) кеңестер берілді, ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстары өткізілді. ой ашар бөлімінде ұсынылған презентация арқылы қатысушылар өз ойларын білдіреді.

1.Ұсыныстар мұғалімдерге Педагогикалық-психологиялық консилиум құрылымы негізі таныстырылып,сұраныс жасау ұсынылды;

Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру үлгісі;

Үлгілік оқу бағдарламалары;

<https://special-edu.kz/kz/> сайты негізі таныстырылды;

Инклюзивті немесе арнайы сыныптарда оқытуды ұйымдастыруда қолданатын әдіс-тәсілдер ұсынылды т.б

Психология апталығының іс-шаралары мақсаты: балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту, психологиялық әр бала мен мектеп мұғалімдерінің жеке өсуіне және өзін-өзі танытуына ықпал ететін мәдениет. "Көшбасшылық болу қыры мен сыры!" атты психологиялық дайындық семинары өтті.



Бастауыш буын оқушылары арасында сынып жетекшілер профилактикалық әңгіме (немесе вебинар): «Компьютерлік ойындар: пайдасы немесе зияны?» тақырыбында сынып сағаттарында ағарту кезеңін өткізді.

Психологиялық «Бәрі өз қолында!» тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында тренинг өткізілді. Жағымсыз жағдайларды жеңу жолдары амалтея психодиагностикасы жүргізілді ,аталған қолдауды қажет етуші топпен ұжымдық қобалжу және оның жауапты сәттегі ролі тақырыбында дискуссия өтті.

«Емтиханға психологиялық дайындық», «ҰБТ-ға психологиялық дайындық», тренинг, «Болашаққа жоспарлар» тақырыптық әңгімелесулер түлектерге психологиялық-педагогикалық білім беру мақсатында іс-шаралар өтті. Қобалжудан арылу мақсатында өткізілді.

Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымы өкілдері,соның ішінде медиатор қызметін жандандыру мақсатында «Сенім - менің серігім» медиация клубы қызметі аясында мектепте әрбір сынып лидерлері және мектеп бас президенті Сапархан Елдос қатысуымен кездесу өтті. Оқу жылы барысында өз қызметтерін ұйымдастыру барысында туындайтын мәселелермен жұмыс жүргізу мақсатында кеңесу алаңы ұйымдастырылды. Мектеп медиаторлары сыныптағы оң және теріс жағдайларды айтып алға тартты, лидер ретінде сынып президенті қандай әрекеттер орындайды талқыланды. Өзара

әрекеттесу мақсатында сенімділік, аяқталмаған сөйлем, сөйлеу мәнері рационалды ой жаттығулары орындалды. Кездесу жас ерекшелігіне сәйкес орта, жоғары буын және бастауыш сынып оқушыларымен өткізілді.



«Жаман көңіл-күйді, тітіркенуді, ренішті қалай жеңуге болады?» тақырыбында бастауыш буын оқушыларымен әңгімелесу жүргізілді.

Педагогтерге «Баланың мінез-құлқы туралы ата-аналармен қалай сөйлесуге болады?!» тақырыбында жадынама әзірленіп өзара ынтымақтастықты арттыру мақсатында әрекет стратегиялары ұсынылды. «Суицид сақшылары» жадынамалары таратылды және міндеттер, сақшының аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу барысындағы ролі түсіндірілді.

Жас мамандардың оқушылар мен педагогикалық ұжыммен, әкімшілікпен қарым-қатынасын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесіне орай жас мамандарға оқыту- жас маманның оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға әдістемелік көмек көрсету кеңес беру болды. Сіз шәкірт үшін биік тұлғасыз. Сіз бала тәрбиесіне жан-тәнімен берілген жансыз нәтижесі басым бөлігінде анықталды. Релаксация, түзету жаттығулары тренинг барысында орындалды. Кеңес Жаннұр, Жеңісбай Ажар және Төлеу Р,Жұмабай А оқыту барысында балалармен әрекеттесу мақсатында тиімді әс-әрекет жөнінде ұсыныстар жасалды.

Қорытынды бөлім: Жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру үшін кеңестер берілді. Болуы мүмкін қиындықтардың алдын алу үшін психологиялық шаралар ұйымдастырылды. Мектеп ұжымына кездесіп қалатын психологиялық мәселелерге өтініштің түсуіне байланысты психологиялық (топтық және жеке) кеңестер берілді, ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстары өткізілді. Психологтерге арналған семинарларға, конференцияларға қатысу жүзеге асты. «Құндылықтарға негізделген білім беру» аясында ұзақтығы 36 академиялық сағатты

курсынан мектеп психологтары және педагогтер ұжымы өтті. 1, 5 және 10 сынып оқушыларының бейімделуі бойынша жұмысқа талдау жасалды.

1. Ұсыныстар мұғалімдерге: Ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалармен арнайы педагогикалық жұмыстың міндеттері оқуға жалпы қабілеттерін дамыту және дамуындағы жеке ерекшеліктері жайында ақпарат берілді. Аталған мұғалімдерге (Төлеу Р, Кеңес Ж, Жұмабай А, Карабаева А, Абдрахманова Ш, Тәттібаева Г, Демеуова Л, Садыкова Ж, Карбаева А) педагогикалық кеңес негізінде жұмысты ұйымдастыру жайында және оқу бағдарламасын құру бойынша кеңестер берілді.

Қаңтар айында «Мұғалімдердің эмоционалдық күйіп қалу синдромының алдын алу және педагогтердің психикалық денсаулығын қорғау» тақырыбында мектепшілік жиналыста тренинг өткізілді. «Оқушы өміріндегі жағымсыз эмоциялар: Өтпелі кезең, оқушылардың филикалық және жыныстық дамуы» тақырыбында сынып жетекшілер сұранысы негізінде ата-аналарымен жиналыстарында психологтар Демеуова М.С, Дүкенбаева М.Е сөз сөйледі.



Психологтың кеңестері айдары, жасөспірімдерге арналған «Егер сізді ренжітсе не істеу керек?» тақырыбында жоғары буын оқушылары арасында жадынама таратылды.

«Отбасындағы микроклимат және бала тәрбиесі» тақырыбында сынып жетекшілерге ұсыныстар материалдар ұсынылды қосымша психологиялық сүйемелдеу ұйымдастырылды.

Сәуір айында «Өзіңізді және балаңызды болашақ емтихандарға қалай дайындауға болады» тақырыбында 11-сынып ата-аналарымен кәсіптік ағарту мақсатында кездесу өткізілді.

Мектебімізде құндылыққа негізделген білім беру жобасын ұйымдастырудағы негізгі әдістемелік тәсіл – нақты мақсатқа жету жолындағы күреске **педагогикалық ұжымды даярлау** қажеттілігіне орай жұмыстар өтті. Ол даярлыққа құндылыққа негізделген білім беру жобасын іске асыруға көмектесетін жоспарды, жобаны, ұсыныстарды талқылау мен одан туындайтын ұжымдық және практикалық жұмыстар жүрді. Ортақ іс-әрекетке барлық мұғалімдердің қатысуын

қамтамасыз ету арқылы ағарту ісі ұйымдастырылды. Кез келген іс баланың ақыл-ойын ғана емес, оның сезіміне әсер ететіндей болуы керек жіті қолға алынды. Құндылық жүйелерін жүзеге асыруда әсіресе сынып жетекшісінің, пән мұғалімдерінің үлкен ұйымдастырушылық жұмысы қажет болды.

Осы орайда, мектеп директоры Д.А. Рахимберлина және мектеп психологтары Тоқтасынова Лаура, Дүкенбаева Мақпал, Демеуова Мадина «Қолдау» тобы құрылды.

Психлогтар - бағыт беруші ретінде, әрбір педагогтың жоба аясында қалай әрекет етіп жатқанын бақылау және кеңес беру мақсатында мұғалімдер тобын 4 топқа бөліп әр модульдің соңында жеке – дара сұхбаттасулар жүргізілді.


Сұхбат соңында құндылық жобасы аясында құндылықты әркім өзінен бастап, өзі өнеге болса, тең-теңімен қағидасын енгізсе, белгілі, әртүрлі саладағы өз ісінің шебері, маманы болған атақты тұлғалармен кездесу ұйымдастырылса деген ұсыныстар беріп өтті.

Бұл көрсеткіштердің келесі айларда екінші сауалнамадан көтерілгенін байқауға болады. Алдыңғы сауалнамамен салыстырғанда, «Қолдау» тобы жұмысының басты жұмыс ретінде бағалағандардың үлесі 93,5%-ға артқан. Құндылық жобасын сабаққа кіріктіруді маңызды санайтындардың көрсеткіші 23,7%-дан 76,3%-ға көтерілген. Ата-аналар жиналысының маңыздылығы 94,6%-ға көтерілген, одан кейін әріптестерінің көмегі қажет екендігі 6,8%-ға кеміген. Ал осы жоба аясында өткізілген іс-шаралардың барысында қуантқандардың үлесі 21,5%-дан 28,7%-ға көбейген.

Сұхбаттасу нәтижесінде стандартты жұмыс жағдайында олардың мінез-құлқына қарай жобадағы ролі және позициясы анықталды. Осылайша, біз мұғалімдердің 4 салыстырмалы позициялық таблицаға орналастырдық. Олар:

1. Қиындық тудырушы (бұзақы) - Ережені бұзғанды ұнатады. Оның ұраны «Мен қарсымын»
2. Симулятор - Күшті белсенділікті имитациялайды. Оның ұраны «Маған тиіспе»
3. Орындаушы - Ол өз жұмысын жақсы атқарады, басқа ештеңе жоқ. Оның ұраны: «Мен өзімнен талап етілетін нәрсені дәл орындаймын»
4. Адал - Ол өз лауазымынан, өзі қатысатын процестерден, ұжымнан және жалпы жұмыстан жоғары көтеріледі. Оның ұраны: «Мен көп нәрсені істеймін және жақсырақ істеу жолдарын табамын».

Модульдік сұхбаттасулар арасындағы салыстырмалы мониторинг



Қорытынды: Мектеп ұжымына кездесіп қалатын психологиялық мәселелерге өтініштің түсуіне байланысты психологиялық (топтық және жеке) кеңестер берілді, ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстары өткізілді. ой ашар бөлімінде ұсынылған презентация арқылы қатысушылар өз ойларын білдіреді.

1.Ұсыныстар мұғалімдерге Педагогикалық-психологиялық консилиум құрылымы негізі таныстырылып,сұраныс жасау ұсынылды;

Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру үлгісі;

Үлгілік оқу бағдарламалары;

<https://special-edu.kz/kz/> сайты негізі таныстырылды;

Инклюзивті немесе арнайы сыныптарда оқытуды ұйымдастыруда қолданатын әдіс-тәсілдер ұсынылды т.б

Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымы өкілдері,соның ішінде медиатор қызметінде «Сенім -менің серігім» медиация клубы қызметі аясында мектепте әрбір сынып лидерлері және мектеп бас президенті Жұмағали А қатысуымен кездесу өтті. Мектеп медиаторлары сыныптағы оң және теріс жағдайларды айтып алға тартты, лидер ретінде сынып президенті қандай әрекеттер орындайды талқыланды. Өзара әрекеттесу мақсатында сенімділік, аяқталмаған сөйлем, сөйлеу мәнері рационалды ой жаттығулары орындалды. Кездесу жас ерекшелігіне сәйкес орта, жоғары буын және бастауыш сынып оқушыларымен өткізілді.

5.ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ КЕҢЕС БЕРУ БАҒЫТЫ

Әрбір адамды психофизиологиялық тұрғыдан зерттеу оның психикалық және ақыл-ой сапаларын, болашақ мамандықтарына бейімділігін анықтап беруге және олардың жекелеген бөліктерін жетілдіру мақсатында ұсыныс-кеңестемелер беру ісі жүзеге асырылатын бағыттың бірі –КЕҢЕС БЕРУ.

Барлық кеңес алушылар	Оқу бағдарламасы	Отбасылық мәселелер	Құрдастарымен қарым-қатынасындағы мәселелер	Мінез-құлықтық мәселелер	Зиянды әдеттер Отбасынд жағдайлар	Басқа себептер
Оқушылар	16	20	55	20	11	32
Ұл балалар	12	6	15	11	4	12
Қыз балалар	4	16	41	10	7	19
Педагогтар	12	3	2		3	7
Ата-аналар	10	12	3	7	3	14
Қорытынды	54	57	116	48	28	84

Қорытынды: Жеке тұлғаны психофизиологиялық тұрғыдан зерттеу оның психикалық және ақыл-ой сапаларын, болашақ мамандықтарына бейімділігін анықтап беруге және олардың жекелеген бөліктерін жетілдіру туралы ұсыныс-кеңестемелер беру үшін жүзеге асырылу жұмыстары жүргізілді. Жекелей немесе көзбе-көз әңгімелесу – психофизиологиялық зерттеулердің соңғы кезеңі болып табылады. Зерттелушінің типологиялық және мінездемелік ерекшеліктерін бағалаудың және сараптау мен талдаудың қосымша бір тәсілі болып табылады, сонымен қатар толтырылған бланктер, сауалнамалар, сынақтар бойынша зерттеулер нәтижесінде алынған мәліметтерді нақтылауға, айқындауға көмектеседі. Тұлғаның негізгі, басты-басты жеке сапалары мен типологиялық ерекшеліктері сипатталған қысқаша тұжырым шығарылып, оның жалпы тұлғалық мінез-құлық және ақыл-ой ерекшеліктері туралы арнайы қорытынды жасалды. Педагогтер арасында: Дүйсенбинова А, Ерланов Е.Е, Абдрахманова Ш, Жұмабаев А, Абиев А, Тастыбаева Ж, Жеңісбай А, Төлеу Р, Ижанова Г, Рамазанова С Ата-аналар: Данбетова А, Ляцкая Ю, Абдулькасимов Д.М, Баяхметова А және Ахметов А, Филюшина Регина, Ергалиева Г, Жакупова Қозыбекова Г, Маханов Д, Ибраимова Б, Мукансалиева Р, Тоқбосынова А т.б жеке сұраныстар негізінде сұхбаттасу жүргізілді.

Т т.б жеке сұраныстар негізінде сұхбаттасу жүргізілді.

«Тәуекел тобы» контингентінің анықтау барысында оқушыларға жеке жоспарлары жасалды және бекітілді.

Жоспарланған жұмыстар жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді. Сонымен қатар сұраныс бойынша ата-аналармен және мұғалімдермен кездесулер ұйымдастырылып тұрады. ата-ана жеке қабылдауымда болса, оқушы әртүрлі сұрақтарымен жолығып кеңес алды.

Мектептегі психологиялық қызмет халық ағарту жүйесіндегі аса қажетті салалардың бірі. Психолог өзінің кәсіптік білімдеріне сүйене отырып, баланаң даму деңгейі белгіленді. Түрлі психологиялық ауытқушылар дер кезінде аңғарылып, оның түзету жолдары тағайындалды. Болуы мүмкін қиындықтардың алдын алу үшін психологиялық шаралар ұйымдастырылды. Мектеп ұжымына кездесіп қалатын психологиялық мәселелерге өтініштің түсуіне байланысты психологиялық (топтық және жеке) кеңестер берілді, ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстары өткізілді.

Ұсыныс:

- Эмоция, сезім, агрессивті мінез-құлықты басқару негізінде жаттығулар кешені таныстырылды және жадынама әзірленіп ұсынылды;
- Медиаторлар және заңгерлер, сынып көшбасшылары ұйымдасуымен сынып өмірі жайында өзара кеңестер, ақылдасу, мәселені шешу жолдары ашық алаңда талқыға түсіп отырды; сонымен қатар, сыныптағы психологиялық ауанды жағымды жағдайда ұстау кеңестері берілді;
- Сынып жетекшілерге сынып көшбасшыларының дұрыс өз мақсат міндеттерін қоя білуге және ұйымдастыруда басшылыққа алатын негізгі стратегиялар ұсынылды т.б
- Амалтея диагностикалық кешені негізінде алаңдаушылық анықталған оқушылар психологтың жеке кеңесі арқылы жағдай анықталып, көмек ұйымдастырылды;
- Ата-аналар баланың оқуына жеткілікті көңіл бөліп, қолдау көрсетіп, қосымша тапсырмалар бойынша үздіксіз түзету жұмыстарын жүргізу;
- Сынып жетекшілері: Дүйсенбинова А, Ерланов Е.Е, Абдрахманова Ш, Жұмабаев А, Абиев А, Тастыбаева Ж, Жеңісбай А, Төлеу Р, Рамазанова С, Ижанова Г. Ата-аналар: Данбетова А, Ляцкая Ю, Абдулкасимов Д.М, Баяхметова А және Ахметов А, Филюшина Регина, Ергалиева Г, Жакупова Т тығыз қарым-қатынас орнатып, тікелей ата-аналармен жұмыс жасау;
- 5 «Г» сыныбы жетекшісі Ижанова Г.К және 8 «Д» сынып жетекшісі Рамазанова С тиімді қарым-қатынас орнату, өзара түсінітік табудың психологиялық жолдары ұсынылды;
- Психологтың басқа мамандармен өзара қарым-қатынасы жүйелі түрде болғаны қажет. Психологтарға арналған біліктілікті арттыру семинарлар, лекциялар тәжірибе алмасу алаңында болу ұсынылды.
- Жасалған жұмысқа сараптама лап, мониторинг жүргізіп, басылымдарға шығару;

2022-2023 оқу жылы бүгінгі күнге басымдық: Құндылықтарға негізделген білім беру жүйесінде оқушының құқықтары мен қызығушылықтарын, түрлі жағдайларда және мектепте баланың қорғанышы ретінде өзі немесе басқа да мамандарды қатыстыра отырып қорғау, балаға рухани демеу беру, тығырықтан шығаратын жол іздеу, сол жолды дұрыс тауып, дұрыс шешім қабылдау, балаға сенім ұялату, оның өмірінің жақсыға өзгертіне сендіру. Мектебімізде құндылыққа

негізделген білім беру жобасын ұйымдастырудағы негізгі әдістемелік тәсіл —нақты мақсатқа жету жолындағы күреске *педагогикалық ұжымды даярлау* қажеттілігіне орай жұмыстар өтті.

SMART МАҚСАТЫ:

Оқушыларды заман талабына сай тәрбиелей отырып, тұлғаның бойына жауапкершілікті, өз тіліне, өзіне сүйіспеншілігін қалыптастыру, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор көрсету сынды құндылықтарды бойларына сіңіру, оларға үлгі бола білу

Міндеттері:

- оқушыларды еңбекқорлыққа жетелей отырып, бойында өзін-өзі тану, өз-өзіне баға беру, өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен даму, әлеуметтік жауапкершілік және әлеуметтену дағдыларын қалыптастыру;
 - Эмоция, сезім, агрессивті мінез-құлықты басқару негізінде жоба әзірлеу;
 - Медиаторлар және заңгерлер,сынып көшбасшылары ұйымдасуымен сынып өмірі жайында өзара кеңестер, ақылдасу, мәселені шешу жолдарының арнайы алгоритмі;
- оқушыларға, ата-аналар мен педагогтерге психологиялық, консультациялық көмек көрсету;
- мектептің психологиялық қызметінің жемісті қызметіне мектептің барлық педагогикалық құрамын белсенді тарту;
 - Ата-аналармен өзара ынтымақтастық іс-шараларын ұйымдастыру;
 - Білім сапасын көтеру барысында оқушыларға мектепте оқушылардың қолайлы психологиялық ахуалы үшін жағдай жасау;

Мектеп директоры:

Рахимберлина Д.А

Мәліметті дайындаған мектеп
психологтары: Демеуова М.С.,Дүкенбаева М

Психологтың 2022-2023 оқу жылындағы SWOT талдауы	
Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Сыныптар бойынша диагностика жүйесі. 2. Оқушылардың бірге жұмыс жасауға деген құлшынысы. 3. Ата-аналармен ағарту жұмысы 4. Жадынама, бейнематериалмен жеткізу 5. Амалтея диагностикалық кешені 6. Құндылықтарға негізделген білім беру аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар. 7. Мектебімізде құндылыққа негізделген білім беру жобасын ұйымдастырудағы негізгі әдістемелік тәсіл – нақты мақсатқа жету жолындағы күреске <i>педагогикалық ұжымды даярлау</i> қажеттілігіне орай жұмыстар өтті.	1. Мотивация төмендігі 2. Инклюзивті білім беру ,сүйемелдеу 3. «Амалтея» диагностикалық кешені жүргізу. Локалды байланыс арқылы оқушыларды топпен диагностикалау 4. Ата-аналардың оқу процесіндегі ролін, қатысуы деңгейі төмендігі 5. Білім сапасы нәтижесінде психологиялық аспектілердің ерекшелігі 6. Сынып ұжымымен өзара ынтымақтастықта әрекеттесу, сынып ұжымы ұжымшылдықты арттыру, сынып жетекшімен өзара байланысын нығайту. Арнайы психологиялық сүйемелдеуді қажет етуші сыныптар 7г,8в,7д сыныптары МІБ барысында бақылауға алу
Мүмкіндіктер жолдары	Қауіп – қатер
1. Өзін-өзі дамыту, ақпарттармен қамдану 2. Кеңестер: Қиын бала , тиімді жандасу. Буллинг және суицидтің алдын алу 3. Инклюзивті білім беру топтары , консилиум ұйымдастыру. Балаларға жағдай ұйымдастыру 4. Мектеп бас президенті Адинаның басшылығымен топ басшылары және медиаторлармен және заңгерлермен тығыз байланыста жұмыс. Елдосқа ұсыныс: топ басшыларының мақсат міндеттерін жаңа бағытта айқындау 5. Тұлғаның негізгі, басты-басты жеке сапалары мен типологиялық ерекшеліктері сипатталған қысқаша тұжырым шығарылып, оның жалпы тұлғалық мінез-құлық және ақыл-ой ерекшеліктері туралы арнайы қорытынды жасалды. Педагогтер арасында: Дүйсенбинова А, Ерланов Е.Е, Абдрахманова Ш, Жұмабаев А, Абиев А, Тастыбаева Ж, Жеңісбай А, Төлеу Р, Ижанова Г, Рамазанова С Ата-аналар: Данбетова А, Ляцкая Ю, Абдулькасимов Д.М, Баяхметова А және Ахметов А, Филюшина Регина, Ергалиева Г, Жакупова Т т.б жеке сұраныстар негізінде сұхбаттасу жүргізілді. 6. Ата-аналар жиналыстарында, педагогтер ұжымында ағарту коучингтері	1. Жағдайы жоқ отбасы, асоциалды отбасыларды бақылау. Отбасыдағы қарым-қатынас сипаты 2. Әлеуметтік желілерді шектен тыс пайдалану себебінен және де үйде ата -ананың қадағаланбауы. 3. Оқушылардың жеке бас проблемаларымен бөліспеуі, ашылып айтпауы.

ұйымдастырылды.